

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ**

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»  
пәні бойынша  
«Соттағы өкілдік. Процестік мерзімдер мен сот шығындары»  
тақырыбында әзірленген  
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер  
кафедрасының аға оқытушысы,  
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында  
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «\_\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ хаттама.**

**ҚАРАҒАНДЫ 2016**

## **ЖОСПАР:**

### **Кіріспе**

1. Азаматтық істер бойынша соттағы өкілдіктің ұғымы.
2. Соттық өкілдіктің негіздері мен түрлері
3. Процестік мерзімдердің және сот шығындарының ұғымы, маңызы және түрлері

### **Қорытынды**

### **Нормативтік құқықтық актілер**

### **Қолданылған әдебиеттер**

## **Кіріспе**

**Соттағы өкілдік** Қазақстан Республикасының АПК – 6 тараумен – дербес тарауымен реттеледі. Онда өкілдіктің негізі және түрлері, өкілдік субъектілерінің шеңбері, өкіл бола алмайтын тұлғалар, өкілдердің құзіреттілігінің көлемі және олардың құзіреттілігін рәсімдеу тәртібі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының АПК 58 бабына сәйкес азаматтық істерді өкілдер арқылы жүргізуге мүмкіндік бар.

Азаматтар сотта өз істерін жеке өзі немесе өкілдері арқылы жүргізуге құқылы. Іске өзінің қатысуы оның өкілге иемдену құқығын жоймайды.

Ұйымдардың істерін сотта заңмен, нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттармен берілген құзіреттілік шегінде қызмет атқаратын органдар, сонымен қатар, олардың тиісті құзіреттілігі бар өкілдері жүзеге асырады. Заңды тұлғаның органы істі қарауға тиісті құзіреттілігі бар басқа өкілмен тең қатыса алады.

Істі өкіл арқылы жүргізу келесі себептермен негізделген:

- қызығушылығы бар тұлға үшін істі өзінің жүргізуіне ыңғайсыз болуы;
- қызығушылығы бар тұлғаның білікті заңгерлік көмекті алу қажеттілігі;
- қызығушылығы бар тұлғаның өзі істі жүргізуге мүмкіндігінің болмауы (оның әрекетке қабілеттілігінің болмауы, әрекет қабілеттілігінің шектелуі, кәмелетке толмауы және т.б.).

## **1. Азаматтық істер бойынша соттағы өкілдіктің ұғымы. Соттағы өкілдіктің негіздері мен түрлері.**

**Өкілдік** – басқа тұлғаның (өкіл берушінің) атынан бір жеке тұлғаның (өкілдің) сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілеттігі күшімен жасаған мәмілесі, өкілдік берушінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін тікелей туғызады, өзгертеді және тоқтады.

**Соттағы өкілдік** - өкілдік берушінің мүддесін қорғап және соның атынан өзіне берілген өкілеттік шеңберінде тұлғаның процессуалдық әрекетті жүзеге асыруына байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуші құқықтық институт.

Соттағы өкілдік келесі процессуалдық қатынастарды ескереді:

- біріншісі сотпен өкіл арасында пайда болады;
- соттан өзге болады және ұсынылып тұрған тұлғамен (мысалға, талапкер) және өкіл (мысалға, адвокат) арасына пайда болады.

Соттағы өкілдіктің мақсаттары:

- сотта өкілдік берушінің қызығушылығын қорғау;
- өкілдік берушінің процессуалдық құқықтарын жүзеге асыруда және процессуалдық міндеттемелерін орындауда көмек көрсету;
- істі дұрыс шешуде сотқа көмек көрсету.

Азаматтық процестегі өкілдіктің азаматтық құқықтағы өкілдіктен айырмашылығы:

- өкілмен өкілдік берушінің арасындағы қатынастардың мақсаттарымен және мінезімен;
- азаматтық процесте өкіл ретінде қатысуға құқығы бар тұлғалардың шеңберімен;
- өкілдердің құқықтарының көлемімен және мінезімен;
- өкілдердің құзіретімен.

Сот өкілдерінің қызметі өкілдік берушінің атынан және оның қызығушылығын қорғаудағы процессуалдық әрекеттерді жасауды қамтиды. Осы әрекеттерді жасаудың нәтижесінде процессуалдық құқықтар мен процессуалдық міндеттер өкілде емесе өкілдік берушіде пайда болады.

**Соттағы өкіл** дегеніміз - өкілдік берушінің атынан және соның мүддесін қорғап, өзіне берілген өкілеттік шеңберінде процессуалдық іс-әрекетті жүзеге асырушы, әрекет қабілеттілігі бар тұлға<sup>1</sup>.

**Соттағы өкіл** – азаматтық процессуалдық құқықтық қатынастардың дербес субъектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында соттағы өкіл іске қатысушы тұлғалардың құрамына енгізілмеген (ҚР АПК 44 б.). Мұның себебі соттағы өкілдер төмендегі белгілерге ие емес:

1. істің нәтижесіне заңгерлік қызығушылық танытпайды. Оның қызығушылығы жеке мінезді болып келеді және ол өкіл берушінің атынан әрекет етеді. Өкіл берушінің өзінің тапсырмасын тоқтатуы өкілдің іске деген

<sup>1</sup> Гражданское процессуальное право России / Отв. ред. М.С.Шакарян – М.: «Былина», 1996. – 85 б.

қызығушылығы тоқтатылады. Осыған орай, өкілдің жеке қызығушылығы іске қатысушы тұлғалардың заңгерлік қызығушылықтарынан ерекшелінеді;

2. іске өз атынан қатыспайды, осының өзі оны іске қатысушы басқа тұлғалардан айырады.

Соттағы өкілдің белгілері:

1) оның процессуалдық құқықтары мен процессуалдық міндеттерінің көлемі өкілдік берушінің еркіне бағынышты. Бұл ереже заңды және шартты өкілдерге қатысты емес. Заңды және шартты өкілдердің құзіреттері заңмен, шартпен, ережелермен және басқа да құрылтай құжаттармен негізделген;

2) сот өндірісінде ол өзінің процессуалдық құқықтары мен міндеттерін атқармай өкілдік берген тұлғаныкін атқарады;

3) процессте ол өз атынан және өкілдік берушінің мүддесін қорғап қатысады;

4) процессуалдық әрекеттерді жасаудың нәтижесінде өкілдік беруші тұлғаның процессуалдық құқықтары мен процессуалдық міндеттері пайда болады және тоқтатылады.

Соттағы өкілге заңды күшіне енген сот шешімінің материалдық-құқықтық салдары қатысты емес және сот шығындарын өтеу жүктелмейді, себебі ол құқы турпалы даудың субъектісі болып танылмайды.

**Соттағы өкіл** ретінде сенімхатқа, заңдарға, сот шешімдеріне не әкімшілік актісіне негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше рәсімделген өкілеттілігі бар әрекетке қабілетті кез келген адам сотта өкіл бола алады (ҚР АПК 58 б.).

Сотта өкіл бола алатын тұлғалардың шеңбері кең. Сотта өкіл ретінде ҚР АПК 59 және 63 бабтарына сәйкес келесі тұлғалар бола алады:

1) адвокаттар;

2) заңды тұлғалардың қызметкерлері – осы заңды тұлғалардың істері бойынша;

3) кәсіптік одақтардың уәкілетті адамдары – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша;

4) заңмен, жарғымен немесе ережемен осы ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары;

5) заңмен, жарғымен немесе ережемен басқа басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары;

6) басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі;

7) іске қатысушылардың өтінуімен сот рұқсат еткен басқа да адамдардың тапсырма бойынша;

8) әрекетке қабілетсіз азаматтардың, әрекет қабілетіне толық ие емес немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сотта өздерінің

өкілеттіктерін куәландыратын құжаттарды сотқа көрсететін ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары немесе қорғаншылары;

9) хабар-ошарсыз кеткен деп белгіленген тәртіппен танылған азамат қатысуға тиісті іс бойынша, оның өкілі ретінде хабар-ошарсыз кеткен адамның мүлкіне қамқорлықты жүзеге асыратын адам;

10) қайтыс болған немесе қайтыс боды деп белгіленген тәртіппен жарияланған адамның мұрагері қатысуға тиісті іс бойынша, егер мұраны әлі ешкім қабылдамаса, мұрагердің өкілі ретінде мұралық мүлікті қорғау мен басқару үшін тағайындалған сақтаушы немес қамқоршы;

11) заңды өкілдер – заңда көзделген шектеулермен өкілдік етушілердің атынан жасау құқығы өкілдік берушіге тиесілі барлық іс жүргізу әрекеттерін жасайды. Заңды өкілдер істі сотта жүргізуді басқа өкілге тапсыра алады.

ҚР АПК 60 бабына сәйкес келесі тұлғалар сотта өкілдер бола алмайды:

1. судьялар, тергеушілер, прокурорлар мен өкілді органдардың депутаттары, олардың процеске тиісті ұйымдардың уәкілеттік берілген адамдары немесе заңды өкілдер ретінде қатысу жағдайынан басқа жағдайда сотта өкіл бола алмайды;

2. адвокатура туралы заңдармен белгіленген ережелерді бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма алған адвокаттар сотта өкіл бола алмайды;

3. адам, егер мүдделі өзі өкіл болып отырған адамның мүдделеріне қайшы келетін адамдарға осы іс бойынша заң көмегін көрсетсе немесе бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, сарапшы, маман, аудармашы, куә немесе айғақшы ретінде қатысса, сондай-ақ егер ол істі қарауға қатысушы лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса, өкіл бола алмайды.

Өкілдіктің туындау негіздерін азаматтық процессуалдық құқықтық қатынастардың түрлеріне орай ажарата аламыз. Сот пен өкіл арасында пайда болатын процессуалдық қатынастар өкілдік беруші тұлға және соттағы өкілдің арасында болатын процессуалдық қатынастардан туылатын заңды фактілердің басқасына негізделеді:

- сотқа жеке басын куәландыратын және азаматтық істі жүргізу өкілеттігі рәсімделген құжаттарды тапсыру қажет немесе өкілдің сотта ауызша мәлімдеуін хаттамаға енгізу қажет;

- өкілді іске қатысуға жол беру туралы соттың ұйғарымы шығарылуы мүмкін.

Өкіл мен сенім білдірушінің арасындағы процессуалдық қатынастар *тапсырма шартының* (адвокат өкіл болғанда), *еңбек шартының* (заңды тұлғаның өкілі қатысқанда), *әкімшілік актінің* (қамқоршы мен қорғаншы қатысқанда), *соттық актінің*, *туысқандық фактісі* (ата-ана қатысқанда), *қоғамдық бірлестікке мүше болу фактісі* негізінде пайда болады.

Соттағы өкілдің екі түрі бар:

- тапсырма бойынша өкілдік (ҚР АПК 59 б.);

- заңды өкілдік (ҚР АПК 63 және 304 б.б.).

**Тапсырма бойынша өкілдік** өкіл мен өкілдік беру тұлғаның арасында процессуалдық қатынастардың пайда болу негіздеріне орай келесілерге топтастыруға болады:

1) шартты өкілді ету. Ол еңбек шартына немесе тапсырма шартына негізделеді. Тапсырма шарты бойынша адвокат, басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі немесе іске қатысушылардың өтінуімен сот рұқсат еткен басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады (ҚР АПК 59 б. 1, 6 және 7 тармақтары). Еңбек шарты бойынша заңды тұлғалардың қызметкерлері – осы заңды тұлғалардың істері бойынша сотта өкіл бола алады (ҚР АПК 59 б. 2 тармақтары).

2) қоғамдық өкілдік. Ол азаматтың қоғамдық бірлестікке мүше болуы негізінде туындайды (ҚР АПК 59 б. 3 және 4 тармағы). Кәсіптік одақтардың уәкілетті адамдары – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша, заңмен жарғымен немесе ережемен осы ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары сотта өкіл бола алады. Өкілдік өкілдік беруші тұлғаның өтініші бойынша немесе оның келісімімен жүзеге асырылады. Уәкілетті кәсіптік одақтардың немесе басқа да қоғамдық ұйымдардың заңды көмек көрсетуі ақысыз енізде жүзеге асырылады.

3) Жарғылық өкілдік. Ол ҚР АПК 58 бабының 2 тармағымен және 59 бабтың 2 және 5 тармақтарымен ескерілген. Ұйымдардың ісін сотта оларға заңмен, өзге нормативтік құқықтық актілермен немесе құрылтай құжаттармен берілген өкілеттіктердің шегінде іс-әрекет жасайтын олардың органдары және тиісті өкілеттіктер берілген олардың өкілдері жүргізеді. Заңды тұлғалардың басшылары сотқа олардың қызметтік жағдайын немесе өкілеттіктерін куәландыратын құжаттар береді. Заңды тұлғаның органы тиісті өкілеттік берілген басқа өкілдермен іске қатыса алады (ҚР АПК 58 бабының 2 тармағы). Заңды тұлғаның мүддесін сотта қорғайтын органдар (мысалы, бірінші басшылар) жарғылық өкіл деп танылады, себебі олар заң, жарғы, ереже және т.б негізінде әрекет етеді.

**Заңды өкілдік ету** ҚР АПК 63 және 304 бабтарымен ескерілген. Мұндай өкілдік міндетті болып келеді. Себебі, ол азаматтық процессуалдық әрекет қабілеттілігіне толығымен иемденбеген немесе әрекетке қабілетсіз тұлғалардың және сотпен хабар-ошарсыз кетті деп танылған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған. Заңды өкілдіктің пайда болу негіздері:

- туыстық фактісінің болуы;
- әкімшілік акті – қорғаншы мен қамқоршыны тағайындау туралы қорғаншы және қамқоршы органдарының актісі;
- сот актісі – асырап алу туралы шешімі және ресми адвокат-өкілді тағайындау туралы соттың ұйғарымы.

*Туыстық фактісі* болу және асырап алу жөніндегі соттың шешімі негізінде кәмілетке толмаған балалардың және асырап алынғандардың заңды

өкілдері ретінде ата-аналары және асырап алушылары танылады. Олар сотта тарап болып немесе үшінші тұлға болып танылған 14 жасқа дейінгі өздерінің балаларының және асыра алынғандардың мүдделерін азаматтық істер бойынша қорғайды. Егерде іске 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың қатысатын жағдайда олардың ата-аналарының, асырап алушылардың қатысуы сотқа байланысты болып келеді.

Егерде қорғаншы және қамқоршы органдармен ата-анасы мен балалардың арасында қарама-қайшылық бар екендігі анықталса онда олар өздерінің балаларының мүдделерін қорғай аламайды. Ата-аналар мен балалардың арасында қарама-қайшылық болған сәтте қорғаншы және қамқоршы органдар балалардың құқыларын және мүдделерін қорғау үшін өкілді тағайындаулары тиіс (НОТК 63 б. 2 тармағы).

*Қорғаншы және қамқоршы* органдардың актісі негізінде сотта өкіл болып қорғаншылар мен қамқоршылар танылады. Қорғаншы ата-анасының қамқорынсыз қалған 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, сонымен бірге психикалық аурудың салдарынан әрекетке қабілетсіз деп сотпен танылған азаматтардың заңды мүдделерін қорғайды. қорғаншылық кәмелетке толмағандардың, әрекетке қабілетсіздің немесе әрекет қабілеттігі шектеулінің, сонымен бірге соттың шешімімен өлді деп немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылғандардың мүлкіне тағайындалады.

Қамқоршылар 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың жүйелі маскүнемдіктің, нашақорлықтың салдарынан соттың шешімімен әрекет қабілеттілігі шектелгендердің мүдделерін сотта қорғайды. Азаматтық процеске қамқоршыларды қатыстыру ережелері 14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың ата-аналарына қатысты күші бар ережелерге сәйкес келеді. Қамқоршылық кәмелетке толған азаматқа да тағайындалуы мүмкін, егер де ол денсаулық күйіне орай өзінің құқыларын және міндеттерін жеке дербес орындай алмаса. Осы тұлғаларға қамқоршылық олардың арыздары бойынша тағайындалады (НОТК 105 б. 2 тармағы).

*Ресми өкіл* – азаматты әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы арыз қабылдағаннан кейін судья процеске қозғалған іс бойынша азаматтың мүдделерін білдіру және қорғау үшін ресми өкіл-адвокатты тағайындайды. Ресми өкіл-адвокаттың заңды өкіл өкілеттігі болады. Адвокатураның қызметін реттейтін заңдарға сәйкес мұндай адвокаттың заң көмегі тегін жасалады (ҚР АПК 304 б.).

Заңды өкілдер сотта оның заң мүдделерін қорғауда тиісті заңгерлік көмек көрсету мақсатында істі жүргізу құқығын басқа тұлғаға, көбіне адвокатқа ұсынуы мүмкін.

***Сотта өкілдікті қорғаушының (адвокаттың) атқарушының ерекшеліктері.***

Адвокаттың сотта өкілдік қызметті жүзеге асыруы әрбір азаматтың білікті заң көмегін алуға деген конституциялық құқығын жүзеге асыру деп танылады (Конституцияның 13 бабының 3 тармағы).

Адвокаттың азаматтық сот өндірісіне қатысуы арнайы адвокаттық қызмет туралы Заңмен реттеледі. Адвокатура адвокаттардың азаматтық істер



бойынша өкілдік қызметін және азаматтардың құқыларын, бас бостандықтарын және заңды мүдделерін, сонымен бірге заңды тұлғалардың құқылары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруда қорғау мен жәрдемдесу мақсатында басқада заңды көмектерді көрсетуді ұйымдастырады.

Адвокаттардың адвокаттық қызметті атқаруда көрсететін заңды көмектері кәсіпқойлық қызмет деп танылмайды (АҚТЗ 1 б.).

Адвокатураның қызметі келесі принциптерге сәйкес жүзеге асырылады:

- адвокаттардың өз қызметтерін жүзеге асыруда олардың тәуелсіздігі;
- адвокаттық қызметті заңнамаға қайшы келмейтін әдіс және құралдарды қолдана отыра жүзеге асыру;
- адвокаттың қызметіне прокуратура, алдын-ала тергеу органдарының және тергеу, басқада мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды тұлғалардың араласуына жол бермеу, егерде заңнамада тікелей көрсетілмесе;
- кәсіби мінез-құлықты ұстану және адвокаттық құпияны сақтау (АҚТЗ 3 б.).

Адвокат болып міндетті түрде адвокат коллегиясының мүшесі болып келетін және адвокаттық қызмет аясында кәсіптік деңгейде заңгерлік көмек көрсетіп жүрген Қазақстан Республикасының азаматы танылады. Адвокат ретінде мына тұлғалар бола алмайды:

- қасақана қылмыс үшін соттылығы бар тұлға;
- белгіленген тәртіп бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектелген тұлға;
- адвокаттар коллегиясынан шығарылған тұлға;
- тәртіптік қылық үшін құқықорғау органдарынан шығарылған тұлға шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде.

Адвокат өзінің қызметін заңгерлік кеңес арқылы немесе жеке адвокаттық контораны құру жолымен, сонымен бірге заңды тұлғаны құрмай жеке жүзеге асыруға құқығы бар. Адвокаттар коллегиясы адвокаттық қызметпен айналасуға құқығы бар тұлғалармен құрылады. Адвокаттар коллегиясында мүше болу міндетті болып келеді (АҚТЗ 19 б. және 27 б. 1 тармағы).

Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана көлемінде бір адвокаттар коллегиясы құрылып және әрекет ете алады (20 б. 3 тармағы).

Адвокаттар коллегиясы қоғамдық бірлестік болып есептелмейді, сол себепті қоғамдық бірлестіктер туралы заңының ережелері оларға қолданылмайды.

Қоғамдық бірлестіктерге ерікті түрде мүше болуынан адвокаттар коллегиясы заңгерлік көмекті көмек көрсету мақсатында адвокаттық қызметті атқаруға құқығы бар тұлғалардан құрылады.

Адвокаттар коллегиясына жеке тұлғалар (адвокаттар) және заңды тұлғалар (заңгерлік кеңестер, қалалар мен тұрғылықты жерлердегі, сонымен бірге бір адвокатпен құрылған адвокаттық конторалар) кіре алады. Қоғамдық бірлестіктерге тек жеке тұлғалар кіре алады.

Жоғарыдағыларды қорыта келе, Конституциялық кеңес келесі қорытынды жасайды: адвокаттар коллегиясы өзге, дербес ұйымдастық-

құқылық нысанды коммерциялық емес заңды тұлға болып танылады және ол Қазақстан Республикасының Конституциясының 23 бабының 1 тармағының әрекетіне енбейді. Адвокаттардың бірігуге деген бостандықтары Қазақстан адвокаттарының одағы арқылы, сонымен бірге адвокаттық көмек көрсету қызметімен байланысты емесе қоғамдық бірлестіктерге кіру жолымен жүзеге асырылады.

Адвокатқа қойлатын талаптар:

- жоғарғы заңгерлік білімі бар тұлға;
- 2 жылдан аса заңгерлік мамандық бойынша жұмыс атқарған тұлға;
- адвокаттық қызметті жүргізуге лицензия алған тұлға.

Адвокаттық қызметті лицензиялау 1998 ж. 21 қаңтарындағы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің бұйрығымен бекітілген «Адвокаттық қызметті атқаруға лицензия беру тәртібі туралы» Ережемен реттеледі. Адвокаттың лицензиясы Әділет министрлігімен Біліктілік коллегиясының ұсынысы негізінде беріледі және лицензияда көрсетілген тұлға үшін адвокаттық қызметті атқаруға ресми рұқсаты болып келеді. Лицензия тиісті тұлғаның біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін беріледі. Лицензия бас, тұрақты болып келеді және оның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралады. Сол себепті адвокат Қазақстан Республикасының барлық аумағында қызмет атақара алады. Адвокат Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жырде қызмет атақара алады, егер тапсырманы орындау үшін қажетті болса және тиісті мемлекеттің заңнамасына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қарама-қайшы болмаса.

Адвокаттық қызмет туралы заң бойынша адвокат заңгерлік көмекті көрсетуден міндетті түрде бас тарту жағдайларын атап көрсеткен, бұлар:

- көмек сұраған тұлғаның мүддесіне қарама-қайшы келетін мүдделі тұлғаларға заңгерлік көмек көрсеткен болса немесе бұрын-соңды көмек көрсеткен болса;
- істе судья, прокурор, алдын-ала тергеу, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куәгер, жәбірленуші немесе айғақ, азаматтық талапкер немесе азаматтық жауапкер ретінде қатысқан болса;
- тергеуге немесе істі ақарастыруға қатысқан лауазымды тұлғамен туыстық қатынаста болса (15 б. 2 т.).

Осы заң бойынша басқа негіздер белгіленбеген, сол себепті азаматтық іс бойынша қойылған талаптардың заңсыздығына байланысты тапсырманы қабылдамау немесе қабылдағаннан бас тарту әрбір адвокаттың ниеттеріне байланысты болып келеді.

Адвокаттардың көрсеткен заңгерлік көмектерінің ақылық құны адвокаттың және көмек сұраған тұлға арасындағы келісім бойынша бекітіледі.

Заңнамада көрсетілген жағдайларда, адвокатпен көрсеткен заңгерлік көмекке төленім, іс сапарлар, жол ақы және басқа да шығыстар республикалық бюджеттен төленеді.

Соттың шешімімен бекітілген заңгерлік көмектің төлемінің құны адвокаттың соңғы екі жылда алып отырған айлығының мөлшерінен кем болмауы тиіс.

Азаматтық іс бойынша адвокаттың көрсеткен заңгерлік көмегінің ақысын және өкілдік бойынша жіберілген шығындарды өтеу туралы соттың ұйғарымы іс бойынша шешіммен бірге шығарылады.

Азаматтық іс бойынша адвокаттың көрсеткен заңгерлік көмегінің ақысын және өкілдік бойынша жіберілген шығындарды республикалық бюджеттен өтеу туралы ұйғарымда мыналар көрсетілуі тиіс:

- азаматтық істің номері;
- тапсырманы орындаған адвокаттың аты-жөні;
- заңгерлік көмекті төлеуден босатылған талапкер мен жауапкердің аты-жөні;
- іс материалдарын зерттеуге жіберген адвокаттың күніне жұмсаған сағаттар;
- сот отырысында адвокаттың қатысуыға жұмсаған сағаттар;
- сот отырысының хаттамасымен танысуға жұмсаған сағаттар;
- адвокаттың мүшесі болып танылатын тиісті адвокаттар коллегиясының толық атауы және банктік реквизиттері.

Ал егерде адвокат іс сапарға баратын болса, онда іс сапарда болған мерзімі (күндер) ұйғарымда көрсетіледі.

Адвокат заңгерлік көмекті көрсету барысында белгілі болған құпияларды жарияламауға міндетті және көмек сұрап келген тұлғаның рұқсатынсыз жариялауға құқығы жоқ. Адвокат көмек сұрап келген тұлғаның мүддесіне қарама-қайшы келетін құқылық позицияны ұстауға тиым салынады.

Адвокаттың қызметінің маңызды принциптерінің бірі болып адвокаттық құпияны сақтау танылады. Адвокаттық құпияны мыналар құрады:

- адвокаттан көмек сұрау фактісі;
- көмек сұраған тұлғалармен адвокаттың жазбаша және ауысша келіссөздерінің мазмұны туралы мәліметтер;
- көмек сұраған тұлғаның мүддесіне қатысты әрекеттердің мінезі және нәтижесі туралы мәліметтер;
- заңгерлік көмекті қамтитын басқада ақпараттар.

Заңгерлік көмекті көрсету нәтижесінде белгілі болған мәліметтерді адвокаттар, адвокаттар коллегиясының президиумының жұмыскерлері, заңгерлік кеңестің, адвокаттық кеңсенің жұмыскерлері жариялауға құқылары жоқ, сонымен бірге өздерінің немесе басқа үшінші тұлғалардың мүдделеріне пайдалануға тиым салынады.

Адвокаттық құпияға жататын мәліметтерді көмек сұрап келген тұлғаның рұқсатынсыз жариялаған адвокат заңға сәйкес жауап береді (Адвокаттық қызмет туралы Заңның 3 б. және 18 б.).

## 2. Процестік мерзімінің ұғымы, маңызы және түрлері.

Процестік мерзімдері туралы ережелер Қазақстан Республикасының АПК алты бабты қамтыған (123-128 б.б.) 10 тарауымен реттеледі. Азаматтық істерді қарастыру мерзімдері және нақты бір іс жүргізу әрекеттерін жасауға бағытталған мерзімдер Қазақстан Республикасының АПК жеке бабтарында көрсетілген.

Процестік мерзім – бұл заңмен немесе сотпен тағайындалған уақыт, осы уақыт ішінде азаматтық іс қаралуы тиіс, қандай да бір іс жүргізу әрекет жүзеге асырылуы тиіс немесе мүмкін немесе сот өндірісінің белгілі бір бөлігі аяқталуы тиіс<sup>2</sup>. Процестік әрекетер белгіленген мерзімдер көлемінде жасалуға тиіс.

Заңдылықты сақтау мен бұзбау үшін белгілі бір әрекеттерді жасау үшін және азаматтық істерді қарастыру үшін мерзімдерді бекітеді. Осы мерзімдерді бұзу заңдылықты бұзу, азаматтық процестік құқық нормаларын бұзу деп танылады.

Процестік мерзімдерін бекіту – процеске қатысушыларға тәртіптік ықпал жасау құралдарының бірі деп қарастырылады. Іс жүргізу мерзімдерін іске қатысушы тұлғалардың бірімен бұзу оларға жағымсыз салдарды туғызады.

Азаматтық іс жүргізу құқығында іс жүргізу мерзімдерін екіге бөледі, бұлар:

1. заңмен белгіленген мерзімдер. Қазақстан Республикасының АПК 123 бабының 1 тармағында «Іс жүргізу әрекеттері заңда белгіленген мерзімдерде жасалады» деп бекітілген;

2. сотпен немесе судьямен белгіленген мерзімдер. Қазақстан Республикасының АПК 123 бабының 2 тармағында «Егер іс жүргізу әрекеттерін жасауға арналған мерзім заңда белгіленбеген жағдайда, оны сот тағайындайды» деп бекітілген.

Заңмен белгіленген мерзімдер императивті болып келеді, олар тараптардың келісімімен немесе сотпен өзгертілмейді. Осы мерзімдер әрекеттерді жасау үшін сотпен (судьямен), сот отырысының хатшысымен, сот орындаушысымен, процеске қатысушы тұлғалармен және іске қатысуға қатыстырылмаған тұлғаламен бекітіледі. Заңмен белгіленген мерзімдерді, егер олар сот дәлелді деп таныған себептермен өткізіліп алынса, сот қалпына келтіре алады (Қазақстан Республикасының АПК 128 б. 2 тармағы). Қазақстан Республикасының АПК соттармен және судьяларға әрекет жасау үшін келесі мерзімдерді белгілейді:

- талап арызын қабылдау үшін (Қазақстан Республикасының АПК 152 б. 1 б.);
- істі сотта қарауға әзірлеу үшін (Қазақстан Республикасының АПК 167 б. 349 б.);
- істі қарау үшін (Қазақстан Республикасының АПК 174 б., 349 б. 395 б. 2 б.);

<sup>2</sup> Г.А.Ильслова. Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Қарағанды, 2006 ж.

- қосымша шешім шығару үшін (Қазақстан Республикасының АПК 231 б. 2 б.);

- шешімді түсіндіру (Қазақстан Республикасының АПК 323 б. 1 б.);

- сот отырысының хаттамасын жасау немесе жеке бір процессуалдық әрекеттерді хаттамасын жасау (Қазақстан Республикасының АПК 257 б. 5 б.);

- қадағалау шағымдарын сотта алдын ала қарау (Қазақстан Республикасының АПК 393 б.).

Іске қатысушы тұлғалардың жасайтын әрекеттері үшін ҚР АІЖК келесі мерзімдерді белгілейді:

- сот бұйрығы шыққан талапқа борышкердің наразылық беру (147 б. 2 б.);

- сырттай шешімге жауапкердің шағым жасауы (264 б. 1 б.);

- апелляциялық және қадағалау тәртібімен сот актісіне шағымдану (334 б. 3 б., 344 б. 4 б., 388 б. 1 және 2 б.);

- шешімді, ұйғарымды немесе қаулыны жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы арыз беру (406 б. 2 б.).

Сотпен немесе судьямен белгіленген мерзімдер өтіп кетуіне байланысты олар сотпен немесе судьямен өзгертілуі немесе ұзартылуы мүмкін. Осы мерзімдер сотпен іске қатысушы немесе процеске қатысушы емес тұлғалар әрекет жасауы үшін белгіленуі мүмкін. Мысалы ретінде мыналарды көрсетуге болады:

- соттың талабы бойынша лауазымды немесе басқа тұлғалардың дәлелдемелерді ұсынуы (66 б. 7 б.);

- талапкердің талап арзының кемшіліктерін түзеу (155 б. 1 б.);

- жауапкердің талап арызына пікірді, қарсылықты және өз пікірін, қарсылығын негіздеуде дәлелдемелерді ұсыну (169 б. 1 б.).

Процессуалдық әрекеттерді жасауға деген құқы заңмен бекітілген немесе сотпен белгіленген мерзімнің аяқталуымен жойылады. Іс жүргізу мерзімдері аяқталғаннан кейін берілген шағымдар мен құжаттарды, егер өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш берілмесе, сот қараусыз қалдырады және оларды берген адамға қайтарылады (126 б. 1 б.). Егер мерзімдердің өткізіп алынуы орынды деп сотпен танылып және заңмен ескерілген тәртіп бойынша қайта қалпына келтірілген болса, онда арыздар мен құжаттар сотпен қабылдануы тиіс.

Іс жүргізу мерзімдерінің бітуі іс жүргізу міндеттерін орындаудан босатпайды (126 б. 2б.). заңмен бекітілген немесе сотпен белгіленген мерзім ішінде өз міндеттерін орындамаған процессуалдық қатынастың субъектісі заң бойынша кесімге немесе мәжбүрлеу шараларын қолданылуына жатады (Қазақстан Республикасының АПК 66 б. 8 және 9 б., 118-122 б., 179 б. 4 б.).

Азаматтық іс жүргізудің ерекшелігіне соттың құқыларының көбі олардың процессуалдық міндеттері болып танылатындығы<sup>3</sup>.

<sup>3</sup> Мельников А.А. Субъективные процессуальные права и обязанности лиц, участвующих в гражданских делах. В сб.: Проблемы совершенствования Гражданского процессуального кодекса РСФСР. – Свердловск, 1975.

Іс жүргізу мерзімдерін есептеу Қазақстан Республикасының АПК 124 бабымен реттеледі. Іс жүргізу әрекеттерін жасауға арналған мерзімдер әрқилы есептеледі: біріншіден, дәлме-дәл күнтезбелік календарлық күнмен; екіншіден, орын алуы мүмкін деген жағдайға нұсқаумен; үшіншіден, уақыт мерзімімен.

*Біріншісі* бойынша нақты іс жүргізу әрекеті немесе осындай әрекеттердің жиынтығы нақты бір уақытта жасалуы көзделген. Масылға судья істі дайын болды деп тани отырып, оны сот отырысында қарауға тағайындау туралы ұйғарым шығарады, тараптарға және процестің басқа да қатысушыларына істі қараудың орны мен уақыты туралы хабарлайды (Қазақстан Республикасының АПК 173 б.). Судья кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда іске қатысатын адамдарды хабарландыра отырып, жазбаша және заттай делелдемелерді сол жерде тексеруді жүргізеді (Қазақстан Республикасының АПК 170 б. 9 б.).

*Екіншісі* бойынша іс жүргізу әрекеттерін жүргізу мерзімі оқиғаның болған мерзімімен есептеледі (Қазақстан Республикасының АПК 244 б. Атқарушылық өндіріс туралы заңның 17 б.).

*Үшіншісі* бойынша іс жүргізу әрекеттерін күнмен, аймен немесе жылмен есептелетін белгілі бір уақыт аралығында жүргізілуі мүмкін. Осы арада айта өтетін мәселе, әрекеттер осы уақыт ішінде жасалуы мүмкін.

Іс жүргізу мерзімдерінің аяқталуы Қазақстан Республикасының АПК 125 бабымен реттеледі. Жылдармен есептелетін мерзім сол мерзімнің соңғы жылының тиісті айында және күнінде бітеді. Айлармен есептелетін мерзім сол мерзімнің соңғы айының тиісті ай мен күнінде бітеді. Егер айлармен есептелетін мерзімнің соңы тиісті күні жоқ айға сәйкес келсе, мерзім осы айдың соңғы күнінде бітеді. Күндермен есептелетін мерзім белгіленген кезеңнің соңғы күні бітеді.

Жасалуына мерзім белгіленген іс жүргізу әрекеті мерзімнің соңғы күніне жиырма төрт сағат қалғанға дейін орындалуы мүмкін. Егер шағым, құжаттар не ақша сомалары мерзімнің соңғы күніне жиырма төрт сағат қалғанға дейін почтаға, телеграфқа тапсырса немесе байланыстың өзге де құралдары бойынша берілсе, мерзім өтіп кеткен болып есептеледі.

Егер іс жүргізу әрекет тікелей сотта немесе басқа ұйымда жасалуы тиіс болса, белгіленген ереже бойынша бұл ұйымдарда жұмыс аяқталатын немесе тиісті операциялар тоқтатылатын сағатта мерзім бітеді.

Іс жүргізу мерзімдері үзілмей есептеледі. Іс жүргізу мерзімдерін есептеуде мейрам және демалыс күндері өтелмейді. Мерзімнің соңғы күні демалыс күніне тап келген жағдайда бұл ережеге жатпайды, себебі мерзімнің аяқталатын күні кейінгі жұмыс күні болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының АПК бойынша іс жүргізу мерзімдерін тоқтату тұру көзделген (127 б.). Барлық аяқталмаған іс жүргізу мерзімдерінің ағымы іс жүргізуді тоқтата тұрумен тоқтатыла тұрады (242 және 243 б.). Мерзімдерді тоқтата тұру іс жүргізуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар туындаған уақыттан басталады.

Іс жүргізу қайта басталған күннен бастап іс жүргізу мерзімдерінің ағымы жалғасады.

Іс жүргізу мерзімдерін тоқтата тұру ережесі атқару өндірісін тоқтата тұруға да қатысты қолданылады (Атқарушылық өндіріс туралы заңның 15, 16 және 17 б.).

Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту, қалпына келтіру мәселесі Қазақстан Республикасының АПК 128 бабында қарастырылған. Тек қана сот тағайындалған мерзімдерді сот ұзарта алады (Қазақстан Республикасының АПК 128 б. 1 б.). Мысалы, қосымша дәлелдемелерді тапсыру үшін белгіленген мерзім жетпей қалса, онда іске қатысушы тұлғалардың өтініштері бойынша сот мерзімді ұзарта алады.

Заңмен белгіленген мерзімдерді, егер олар сот дәлелді деп таныған себептермен өткізіліп алынса, тек қана сот қалпына келтіре алады (Қазақстан Республикасының АПК 128 б. 2 б.). Мысалы, сот шешіміне апелляциялық шағым беру мерзімін науқастануына байланысты немесе ұзақ іссапарда болуына байланысты, тараптың қайтыс болуына байланысты құқыққабылдаушысы процеске кіргісі келгенде, өткізіп алған болса, онда сотқа тиісті дәлелдемелерді ұсына отырып, мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш беруге болады.

Өткізіп алынған мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш іс жүргізу әрекеттерін жасауға тиісті болатын сотқа беріледі. Сот бұл өтінішті мәселенің қаралатын орны мен уақыты хабарланатын іске қатысушы тұлғалардың қатысуымен қарайды, алайда олардың келмей қалуы соттың алдына қойылған мәселені шешу үшін кедергі болып табылмайды. Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарады.

Мерзімдерді қалпына келтіру туралы өтініш берумен қатар, ол бойынша мерзімі өткізіліп алынған қажетті іс жүргізу әрекеттер жасалуға тиіс. Іс жүргізу мерзімдерін ұзарту, қалпына келтіру немесе ұзартудан, келтіруден бас тарту туралы сот ұйғарым шығарады. Оған жеке шағым немесе жеке наразылық келтіруге болады.

Азаматтық істерді сотта қарауға әзірлеу, егер заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, арыз қабылдаған күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Алименттерді өндіріп алу туралы, мертігуден немесе денсаулықтың өзге де зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы істерден басқа, айрықша күрделі істер бойынша ерекше жағдайларда, сондай-ақ асыраушысынан айрылуына байланысты және еңбек қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша бұл мерзім судьяның дәлелді ұйғарымы бойынша бір айға ұзартылуы мүмкін (167 б.).

Бірінші сатыдағы сотта азаматтық істерді қарау мен шешу мерзімдерінің жалпы ережелері Қазақстан Республикасының АПК 174 бабында ескерілген. Азаматтық істер сотқа арыз түскен сәттен бастап екі айға дейінгі мерзімде қаралып, шешіледі

### **3. Сот шығындарының ұғымы және құрамы.**

**Сот шығындары** дегеніміз – бұл азаматтық істі қарастыруға және ол бойынша шығарылған сот актісінің орындалуына байланысты пайда болатын мемлекеттің және іске қатысушы тұлғалардың шығындары.

Сот шығындарын төлеу бойынша міндеттер істің шешілуінде мүдделі тұлғаларға (тараптарға, даулы мәселеге дербес талап қоятын үшінші тұлғаларға, ерекше іс жүргізу бойынша істерге қатысушы арыз берушілерге және мүдделі тұлғаларға) жүктеледі. Бұл міндетті жүктеу арқылы мемлекет сот төрелігін іске асыратын сот жүйесін қамтамасыз ету бойынша шығарылған мемлекеттің шығындарын қайтаруға бағытталған.

Сонымен бірге, іске қатысушы тұлғаларға іс бойынша сот шығындарын жүктеу сотқа негізсіз талаптармен жолдануларды болдырмау мен іске қатысушыларды тәрбиелеу мақсатын көздейді.

Алдын ала негізсіз талап арызын берген немесе өзіне қатысты берілген талап арызына қарсы дау айтқан иә болмаса азаматтық істің дұрыс және тез арада қарастырылуына кедергілер жасаған тараптан сот басқа тараптың пайдасына нақты жұмсалған уақыт үшін өтемақы өндіруі мүмкін. Өтемақы мөлшерін нақты мән-жайларды ескере отыра, осы жердегі тиісті еңбекке ақы төлеудің қолданылып жүрген нормасын негізге ала отырып, сот белгілейді (Қазақстан Республикасының АПК 112 б.).

**Сот шығындары мемлекеттік баждан және іс жүргізуге байланысты шығындардан тұрады** (Қазақстан Республикасының АПК 100 б.).

Сот шығындарына қатысты сұрақтар тек қана Қазақстан Республикасының АПК-мен ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексі секілді басқа да нормативтік құқықтық актілермен де реттеледі (90-тарау).

**Мемлекеттік баж салығы** – сот шығындарының бір түріне жатады. Мемлекеттік баж салығының ұғымы, оны төлеудің тәртібі, мемлекеттік баж салығының көлемдері және осыған байланысты басқа да сұрақтар Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің 90-тарауымен реттеледі.

**Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар** – сот шығындарының екінші түрі болып табылады. Қазақстан Республикасының АПК-нің 107 бабына сай оларға мыналар жатады:

- 1) куәгерлерге, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар;
- 2) сол жерде қарау жүргізілуге байланысты шығындар;
- 3) заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығындар;
- 4) жауапкерді іздестіру жөніндегі шығындар;
- 5) іс бойынша жарияланымдар мен хабарландыруларға байланысты шығындар;
- 6) тараптарға хабарлау және оларды сотқа шақыру жөніндегі шығындар;
- 7) тараптар мен үшінші тұлғалардың жолақысы және олардың сотқа келуіне байланысты шеккен тұрғын жайды жалға алу жөніндегі шығындар;
- 8) өкілдердің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындар;



9) соттың шешімдерін, үкімдерін, ұйғарымдарын және қаулыларын орындауға байланысты шығындар;

10) сот қажет деп таныған өзге де шығындар.

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар материалдық тұрғыдан істі қарастыру мен шешу кезінде және ол бойынша шығарылған сот актісін орындау барысында мүдделі тұлғалармен жасалған шығындар болып табылады.

Куәларға, срапшыларға, мамандарға және аудармашыларға сотқа келуге байланысты оларға келтірілген жол ақысы, бөлме жалдау жөніндегі шығындар өтеледі және іссапарға жіберілген адамдар үшін белгіленген мөлшерде тәулікақы төленеді.

Сарапшы мен маманға сондай-ақ оларға тиесілі химиялық реактивтер мен тапсырылған жұмысты орындау кезінде олар жұмсаған басқа да шығын материалдарының құны, сонымен бірге олардың жұмысты орындау үшін құрал-жабдықтарды, коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны және машиналық уақытты тұтынғаны үшін төлеген ақысы өтеледі.

Куә ретінде сотқа шақырылған жұмыс істейтін адамдарға сотқа келуге байланысты олардың болмаған уақыты үшін жұмыс істейтін жері бойынша орташа жалақысы сақталады. Еңбек қатынастарында тұрмаған куәлар өздерін әдеттегі айналысып жүрген істерінен алаңдатқаны үшін іс жүзіндегі уақыт шығындары ескеріліп және заңда белгіленген бір айлық жалақының ең төменгі мөлшері негізге алына отырып, өтемақы алады.

Сарапшылар мен мамандар, егер бұл жұмыс олардың қызметтік міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, соттың тапсырмасы бойынша өздері орындаған жұмыс үшін сыйақы алады. Бұндай сыйақының мөлшерін тараптармен келісім бойынша сот анықтайды.

Куәларға, срапшыларға, мамандарға сомаларды, сондай-ақ сот сараптамасының органдары жүргізген сраптамалар үшін ақыны тиісті өтініш берген тарап төлейді. Егер тиісті өтінішті екі тарап берсе немесе куәні шақырту, сараптаманы тағайындау, маманды іске тарту соттың бастамасы бойынша жүргізілсе, талап етіліп отырған соманы тараптар тең бөліп төлейді. Егер тиісті сараптамаға қатысты жұмысты жүргізу оны орындауға қатысатын сарапшылар мен мамандардың қызметтік міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, соттың тапсырмасы бойынша істелген жұмыстары үшін тиісті өтініш жасаған тарап оларға төленуге тиесілі соманы сот депозитіне алдын ала төлеп қоюы керек. Бұл сараптаманың орындалуының және оларды іске асырған тұлғаларға тиісті ақының кепілі ретінде болады.

Сол секілді, сот сараптамасы органы сараптама жүргізгені не сот сот сараптамасы органының қызметкері болып табылатын адамның маман ретінде қатысқаны үшін төленуге тиесілі сомаларды тиісті өтініш жасаған тарап сот сраптамасы органының шотына алдын ала төлеп қояды (Қазақстан Республикасының АПК 108 б.).

Куәларға, сарапшыларға және мамандарға тиесілі сомаларды олар өз міндеттерін орындағаннан кейін депозиттік шоттан сот төлейді.

Аудармашыларға тиесілі сомаларды төлеу республикалық бюджеттің есебінен жүргізіледі. Сыйақының мөлшерін тиісті еңбекке ақы төлеудің қолданылып жүрген нормаларын негізге ала отырып сот белгілейді.

Сотқа шақырылғаны үшін және сыйақы ретінде төленетін сомалардың көлемі, сонымен бірге осындай шығындарды өндіріп алудың тәртібі ҚР Министрлер Кабинетінің 1992 жылдың 25 ақпанындағы №152 қаулысымен бекітілген Нұсқаулықпен реттеледі.

Сот шығындарын бәріне жүктей беруге болмайды, сондықтан да ол жалпыға ортақ емес. Заң бойынша **сот шығындарын өтеуден босату** жағдайлары да көзделген. Сот шығындарын өтеуден босату, әдетте, мемлекеттік баж салығын төлеуден босатумен бір мезгілде іске асырылады, себебі, екеуіне де бір негіздер қолданылады. Сондықтан да тәжірибеде де, заңдарда да «сот шығындарынан босату» термині қолданылады.

Істі сотта қарауға дайындау кезінде судья немесе істі қарау кезінде сот азаматтың мүліктік жағдайын негізге ала отырып, оны заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе ішінара босатуға және адвокаттың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды мемлекеттің есебіне жатқызуға құқылы. Азаматты заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе ішінара босату туралы соттың немесе судьяның ұйғарымы назарға алу үшін заң консультациясына, кеңсеге, келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін адвокатқа және орындау үшін соттың орналасқан жері бойынша қаржы органына жіберіледі.

Заң консультациясына, кеңсеге, келісім-шарт бойынша жұмыс істейтін адвокатқа төленуге тиісті сомалардың мөлшері адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеуді реттейтін нормаларға сәйкес белгіленеді.

#### **Сот шығындарын бөлу және өтеу.**

Азаматтық істер бойынша сот шығындарын өтеу оның талаптарын сот қанағаттандырмай және өтініштерін қарастырмай тастаған тарапқа жүктеледі. Көрсетілген ережеге сәйкес сотпен шығарылған сот шешімінің қарар (резолютивті) бөлігінде сот шығындарын бөлу тәртібі де көрсетіледі.

Пайдасына шешім шығарылған тарапқа, бұл тарап сот шығындарын төлеуден босатылса да, басқа тараптан іс бойынша жұмсалған барлық шығындарды сот алып береді. Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, онда шығындар талап қоюшыға қойылған талаптардың сот қанағаттандырған мөлшеріне тепе-тең, ал жауапкерге – талап қою талаптарының талап қоюшыға бас тартылған бөлігіне тепе-тең беріледі.

Бұл ережелер апелляциялық инстанцияда да қолданылады. Егерде жоғары сатыда (инстанцияда) тұрған сот бірінші инстанциялық соттың шешімін өзгертсе немесе істі қайтадан қарастыруға бермей-ақ жаңа шешім шығаратын болса, ол тиісінше сотшығындарын бөлуді де өзгертеді.

Оның пайдасына шешім шығарылған тарапқа сот процеске қатысушы өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі өзіне екінші талап келтірген шығындарды іс жүзінде өзі шеккен шығындар мөлшерінде басқа тараптан алып береді. Ақшалай талап бойынша бұл шығындар қойылған талаптың қанағаттандырылған бөлігінің он пайызынан аспауға тиіс. Мысалы, Ивановтың Петровка қарсы қойған талап арызы бойынша талап арызы он

мың теңгеге қанағаттандырылды, Петровтан сонымен бірге осы соманың он пайызын құрайтын бір мың теңгені Ивановтың қорғаушыға жұмасаған сомасын өтеуге өндіріледі.

Егер адвокат заң көмегін тарапқа тегін көрсетсе, сот тиісті шығындарды адвокатты берген заң консультациясының, кеңсесінің пайдасына немесе келісім-шарт бойынша жұмыс істеуші адвокаттың пайдасына өндіреді (Қазақстан Республикасының АПК 111 б.).

Қазақстан Республикасының “Адвокаттық қызмет туралы” заңның 6 бабына сай, адвокаттар сенім білдірушілердің өтініштері бойынша:

1) алимент өндіріп алу туралы, асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді жүргізу кезінде бірінші сатыдағы соттарда талап қоюшыларға;

2) Отан соғысына қатысушылар мен оларға теңестірілген адамдарға, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектерге, жасы жөнінен зейнеткерлерге, егер бұл кәсіпкерлік қызмет мәселелеріне байланысты болмаса, консультациялар беру кезінде;

3) Зейнет ақылар мен жәрдемақылар тағайындау туралы өтініштерді дайындау кезінде азаматтарға;

4) Ақтау мәселелері жөнінде кеңестер беру кезінде адамдарға заң көмегін тегін көрсетеді.

**Талап қоюдан бас тарту және бітімгершілік келісім кезінде сотшығындарын бөлу** (Қазақстан Республикасының АПК 113 б.). Талапкер талап қоюдан бас тартқан кезде оның шығарған шығындарын жауапкер өтемейді. Егер талапкер талап қоюдан кейін оларды жауапкердің ерікті түрде қанағаттандыруы нәтижесінде өзінің талаптарын қолдаудан бас тартса, сот талапкердің өтінуі бойынша жауапкерден талапкер шеккен бүкіл сот шығындарын және өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды өндіріп алады.

Егер тараптар бітімгершілік келісімін жасау кезінде сот шығындары мен өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды бөлу тәртібін көздемесе, сот бұл мәселелерді Қазақстан Республикасының АПК -нің 111,115 баптарында көзделген ережелерге тиісті шешеді.

**Тараптарға сот шығындарын өтеу** (Қазақстан Республикасының АПК Қазақстан Республикасының АПК 115 б.). Сотқа басқа тұлғалар мен мемлекеттің құқытарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы өтініштерімен жүгінген тұлғаларға талап қоюдан толық немесе ішінара бас тартылған кезде (Қазақстан Республикасының АПК 55 және 56 баптары), жауапкерге республикалық бюджеттің қаражатынан олар жұмсаған сот шығындары толық немесе қойылған талаптардың талапкерге бас тартылған бөлігін тепе-тең өтеледі.

Мүлікті тыйым салудың босату туралы талап қою қанағаттандырылған жағдайда талап қоюшыға ол жұмсаған сот шығындары республикалық бюджеттің қаражатынан өтеледі.

**Сот шығындарын мемлекетке өтеу** (Қазақстан Республикасының АПК 116 б.). Оларды төлеуден талапкер босатылған істі қарауға байланысты шығындар мен мемлекеттік баж сот шығындарын төлеуден босатылмаған жауапкерден мемлекет пайдасына толық немесе талаптың қанағаттандырылған бөлігіне тепе-тең мөлшерде өндіріліп алынады.

Талап қоюдан бас тартылған жағдайда іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот шығындарын төлеуден босатылмаған талап қоюшыдан мемлекет кірісіне өндіріліп алынады.

Егер талап қою ішінара қанағаттандырылса, ал жауапкер сот шығындарын төлеуден босатылса, іс бойынша іс жүргізілуге байланысты шығындар мемлекеттің кірісіне сот шығыстарын өтеуден босатылмаған талап қоюшыдан талап қою талаптарының қанағаттандырылудан бас тартылған бөлігіне тепе-тең өндіріліп алынады.

Егер екі тарап та сот шығындарын төлеуден босатылса, іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар республикалық бюджеттің есебіне жатқызылады.

Ал, өзіне тиесілі төлемдерді төлеуден жалтарған адамға іздеу жарияланған жағдайда іздеуді жүргізу жөніндегі шығындар сол адамнан мемлекет кірісіне өндіріліп алынады.

Егерде сот шығындарына байланысты мәселелер жөніндегі ұйғарымға қандай да болмасын мүдделі тұлғалардың келіспеушілігі болатын болса, онда олар соттың бұндай әрекеттеріне жекеше шағым немесе наразылық келтіре алады (Қазақстан Республикасының АПК 1147 б.).

## **Қорытынды**

Жоғарыда қарастырылғандарды қорытындылайтын болсақ, келесі тұжырымдарға қол жеткіземіз:

**Біріншіден**, азаматтық іс жүргізу құқығы Қазақстандық құқық салаларының ішіндегі азаматтық-құқықтық істер бойынша сот пен іске қатысушы тұлғалардың арасындағы пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардың жиынтығынан тұратын бір тұтас дербес құқық саласы болып табылады.

**Екіншіден**, азаматтық іс жүргізу құқығы өзара байланысты үш тұрғыда қарастырылады: 1) заңнаманың саласы ретінде; 2) ғылым ретінде 3) оқу пәні ретінде.

**Үшіншіден**, азаматтық іс жүргізу құқығының пәні болып азаматтық сот ісін жүргізу саласындағы азаматтық іс жүргізу субъектілерінің арасында туындайтын қоғамдық қатынастар табылады.

**Төртіншіден**, азаматтық іс жүргізу құқығының барлық нормалары олар көрініс табатын қайнар көздерге қарамастан өзара байланысты және қатаң логикалық жүйені құрады.

**Бесіншіден**, азаматтық іс жүргізу құқығы мемлекетіміздегі барлық құқық жүйесінің құрамдас элементі ретінде басқа көптеген құқық салаларымен толассыз өзараәрекеттеседі.

**Алтыншыдан**, соттың азаматтық істі қарастыру және шешу бойынша қызметі Азаматтық іс жүргізу кодексімен реттеледі. АІЖК азаматтық іс жүргізу нормаларының ең басты қайнар көзі болып табылады. Азаматтық сот ісін жүргізудің тәртібін реттейтін басқа нормативтік құқықтық актілер кодекске сәйкес қабылданады және қайшы келмеуі тиіс.

**Жетіншіден**, мемлекетіміздің құқықтық жүйесі әрдайым даму үстінде. Азаматтық іс жүргізу құқығы бұл жүйенің бір элементі болып табылады және ол да әрдайым дамып отырады. Құқық саласының дамуы азаматтық құқықтар мен босатандықтарды қорғаудың кеңеюі арқасында азаматтардың құқықтық қорғалуын арттыруға септігін тигізеді.

**Сегізіншіден**, азаматтық іс жүргізуде болып жатқан үрдістер осы саланың ғылымына ықпал етеді. Азаматтық іс жүргізу құқығының ғылымына азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу саласындағы барлық заңнамалық жаңарулар мен өзгерулерді зерделеуді әрдайым жүзеге асыру қажет болады және осы арқылы сот билігін нығайтып, азаматтық іс жүргізудің қазіргі таңдағы одан әрі дамуына жәрдемдесуі керек.

### **Нормативтік құқықтық актілер:**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (2016.04.21. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
3. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. 2008 жылғы 10 желтоқсан. (2016.28.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
4. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы. 1997 ж. 05.12. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
5. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
6. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы. (2016.29.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
7. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.
8. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» 2013 жылғы 27 ақпандағы № 1 нормативтік қаулысы. Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. <http://online.zakon.kz>.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-135 б.
2. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Астана: ФОЛИАНТ, 2006.-388 б.
3. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2010 - 402с.
4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Оқулық. Алматы: ҚазМЗА, 2001ж.
5. Вукот М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России: Оқулық. – М.: Юристь, 1999.
6. Калачева С. А. Адвокаты и представители в гражданском процессе/ С.А. Калачева, Е.С. Калачев. М.:ПРИОР, 2001.-252 б.
7. Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.

8. Туманова Л. В. Гражданское процессуальное право [Электронный ресурс]: электронный учебник. М.: КНОРУС, 2011